

If we consider Kazakh poetry as one of the richest genres, thematically and ideologically spreading Kazakh literature, then its study, keeping up with modernity, is a big issue on the agenda. Considering that poetry occupies a special place in describing the appearance of time, the human personality, the poem is analyzed as a tool that finds the key to solving the human mystery, the mystical world

Key words: poetry, period, form, theme, innovation.

REFERENCE

- 1 Bazarbayev M. Kazakhskaya poeziya: korkemdik izdenis (K traditsiyam Abaya). [Kazakh poetry: artistic pursuits (Towards the traditions of Abai)]. (Almaty, 1995).
- 2 Akhmetov Z. Stikhotvoreniye – eto teoriya slova [The theory of the poetic word]. (Almaty, 1976).
- 3 Seyfullin S. Rabotayet. Pyat' tomov. T.5. [Essays. In five volumes. Vol.5]. (Almaty, 2013).
- 4 Tsmirnova N. Kazakhskaya narodnaya poeziya. [Kazakh folk poetry]. (Almaty, 1967).
- 5 Kunanbayeva A.B. (2019) Syurprizy tipologii: iz mira drevnegrecheskoy i kazakhskoy liriki [Review of Ethnography and Folklore].
- 6 Mukanov S. Izbrannyye proizvedeniya. Shestnadsat' tomov. T.1. [Selected works. In sixteen volumes. Vol. 1.]. (Almaty, 1978).
- 7 Kirabayev S. Mnogotomnoye sobraniye sochineniy. T.1. [Multivolume collection of works]. (Almaty, 2010).
- 8 Zhanuzakova K.T., Utepbergenova G. (2014) Problema traditsii i novatorstva v kazakhskoy proze, Vestnik KazNU. Seriya «Filologiya»].
- 9 Shelling F. Filosofiya iskusstva. [Filosofiya iskusstva] (M., 1999).
- 10 Tazhibayev A. Sbornik sochineniy v pyati tomakh. T. 1. ["I'm sorry," he said. Volume 1]. (Almaty, 1978).
- 11 Kazakhskaya literatura 20-30-kh godov. Kniga 1. [Kazakh literature of the 20-30s. Book 1.].(Almaty, 1997).
- 12 Bazarbayev M. Stikhotvoreniye – tsar' slov, dvorets slov. [Verse is the king of the word, Sarah of the word]. (Almaty, 1973).
- 13 Gete I. Ob iskusstve [Ob iskusstve] (M., 2019).
- 14 Rakhimzhan T.S. Sarekenova K.K., Baytanasova K.M., Myrzakhmetov A.A., Aymukhambet ZH.A. (2021) Rol' istoricheskikh lichnostey i motivov legend v strukture sovremennoy prozy pri vyrazhenii idei gosudarstvennosti, Astra Salvensis.
- 15 Alimbayev A.E., Daurenbekova L.N., Kemenger K.R., Imanberdiyeva S.K., Bashirov N.K. (2020) Ideya vechnoy strany v pervykh epicheskikh poemakh tyurkskikh narodov, Zhurnal Rupkata mezhdistsiplinarnykh gumanitarnykh issledovaniy.

Received: 03.06.2024

MFTAP 17.01.11

DOI: [10.59102/kufil/2024/iss2pp141-152](https://doi.org/10.59102/kufil/2024/iss2pp141-152)

А.А. Демесинова¹, Екрем Аян², Г.К.Кажыбаева¹

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 02000, Қазақстан Республикасы,

²Мугла Сыткы Кочман университеті, Мугла, 48000, Түрік Республикасы

ФЭНТЕЗИ ТИПОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XX-XXI ғасырдың әлемдік мәдениетіне адамзат басынан өткен екі бірдей дүниежүзілік соғыстар нәтижесінде туындаған дағдарыстарға байланысты өмірдің ащы шындығынан оқшаулануға, тарихи дамудың мифтік бастапқы кезеңдеріне қайта жүгінуге бағытталған

жаңа жанрларды іздеу және дамыту сипаттары тән десек қателесе қоймаймыз. ХХ ғасырдың ортасында Еуропалық прозаға ерекше жанр дендеп енді, ол кейінірек фэнтези жанры деп атала бастады. Фэнтези жанры оқырмандардың, әсіресе жастардың арасында лезде орасан сұранысқа ие болды және бұл оның гүлденуі мен қанатын кеңге жаяуына кепілдік берді.

Фэнтезидің негізгі қайнар көздері ретінде Француздық «фея» ертегісін, Скандинавиялық және Кельт фольклорын, арғы фэнтези аталарының арасында Хорас Уолпол, Уильям Моррис, Дж.Б. Кэйбелл, Э. Блэквудтарды атап өтуге болады. Фэнтезилік әдебиет заманының алғашқы кезеңіндегі ең маңызды қайраткері - «Пегана құдайлары» жинағының авторы, Ирланд эпосына негізделген өзінің мұқият ойластырылған мифологиясы бар сиқырлы әлем циклін бастаған Британдық ақсүйек Лорд Эдвард Дансениді ерекше атап кетуге болады.

Негізінде ол баста фэнтези әдебиеті өз тарихының бастауын Ежелгі Грекия мифтері мен Ортағасырлық эпостардан ("Беовульф") алады деуге әбден болады. Ортағасырлық романдар фэнтези жанрына орасан зор әсерін тигізді. Анджей Сапковскийдің пікірінше, өзінің сиқырымен, қылыштарымен және романтикасымен Артур аңызы көптеген фэнтези шығармалардың негізі болып қаланған. Қазақ фэнтезиінің арғы қайнар-бастауында Т. Рымжанов, Т. Сәукетаев, Б. Ыбырайым, Р. Сауытбай, И. Нұрғалиев, Т. Ермашев, З. Наурызбай мен Л. Калаус шығармаларына арқау болған қазақ фольклоры мен мифологиясының, ауыз әдебиеті ертегілері мен халық аңыздары жатыр. Біз осы мақаламызда фэнтези типологиясын талдауға және анықтауға талпыныс жасаймыз және ұмтыламыз.

Кілт сөздер: фэнтези, мифология, эпостар, қазақ фольклоры, жанрлық ерекшеліктер, фэнтези типологиясы, қиял әлемі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

ХХ-ғасырдың соңына таман пайда болып, қарқынды даму жолына түскен қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының өзіндік ерекшелігі туралы мәселе де бүгінгі таңға дейін күрмеуі шешілмеген мәселелер қатарына жатады. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези проблемасы ғылыми әдебиеттерде талқылана қоймаған, тек публицистикалық мақалалар түрінде жекелеген ойлар айтылғаны байқалады. Дегенмен, біздің ойымызша, қазақ фэнтезиін ғылыми тұрғыдан және басқа жанрлардан бөліп қарастырған жөн, өйткені фэнтезидің әдебиеттің басқа жанрларынан дербес ерекшеліктері мен сипаттары бар. Олардың ең айқынына ғана тоқталсақ: қазақ фэнтезиіне қатысты шығармаларда қазақ фольклорына, мифологиясына, ұлттық мәдениетіне тән кейіпкерлер, құбылыстар (қаһарман кейіпкер, сайтандар, перілер, диюлар, бақсы-құшнаштар, сиқырлы құстар мен жануарлар және т. б.) бар.

Мақаланың зерттеу тақырыбы – фэнтезидің дербес жанр ретіндегі ерекше түрлері, типологиялық сипаттамалары. Зерттеу нысаны – фэнтези жанрында қалам тербеген әлемдік әдебиет өкілдері және қазақ жазушыларының шығармалары. Мақаладағы зерттеудің мақсаты – әлемдік классикалық және қазақтың фэнтези әдебиетінің жанрлық ерекшелігін, типологиясын анықтау.

КІРІСПЕ

Әлемдік классикалық әдебиет жауһарларына айналып үлгерген фэнтезидің негізін қалаушы авторлардың екі тобы бар деп саналады. Оларды шығу тегі бойынша шартты түрде Американдық және Британдық мектептерге бөлуге болады.

Американдық топқа Роберт Ирвин Ховард, Кларк Эштон Смит және Ховард Филипп Лавкрафт кіреді. Олардың ішіндегі ең танымалы әрине, Р. Ховард. Атақты жауынгер, қиыншылықтардан қорықпайтын, жауларына бет қаратпайтын Конан-варвардың бейнесін жасай отырып, Ховард ерекше бағыттың негізін қалаушы болды. Яғни, тұжырымдай айтсақ,

қаһармандық фэнтези немесе «қылыш пен сиқыр» фэнтезиін қалыптастырды, негізін қалады («қылыш пен сиқыр» сериясы). Ховардқа даңқ пен танымалдылық әлемнің ойдан шығарылған тарихына арналған туындылар әкелді. Олар туралы түсініксіз мәліметтер бізге адамзат тарихындағы бағзы замандардан тек аңыздар түрінде келді –Атлантида, Лемурия, Му, Киммерия, Гиперборея жайлы рухани мұра болып қалды.

Фэнтезидің «негізін қалаушылардың» тағы бір көрнекті өкілі – К.Э. Смит Атлантида, Зотик, Аверони және басқа да жұмбақ әлемдерге арналған бірқатар ондаған әңгімелер жазды. Әдебиет сыншыларының пікірінше, Смит өзінің әдеби таланты бойынша американдық фэнтезидің «негізін қалаушы аталарының» ішіндегі ең дарындысы болды, оның шығармалары шырынды метафоралық тілмен ерекшеленді, бірақ ол жазудан бас тартып, фэнтезиден тез алыстап кетті. Фэнтези әдебиетінің Американдық бағытының тағы бір өкілі Х.Ф. Лавкрафт өз шығармаларында Эдгар Поның «қараңғы» қиялдарына сүйенді. Лавкрафттың кейіпкерлері қараңғылықтың қорқынышты туындыларымен аяусыз күреседі және автордың шеберлігі ол сипаттаған керемет оқиғаларды оқырман үшін жеткілікті дәрежеде шынайы етеді. Лавкрафттың ең үлкен туындысы – «Миры Стульху». Аталған туынды бүкіл субжанрдің негізі болған «қорқыныш» («horror» – «қорқынышты») жанры ретінде сипатталады. Кейіннен «қорқыныш» жанры Лавкрафт сынды жазушыны өздерінің ұстазы деп таныған көптеген ізбасарларды шабыттандырды.

Британдық фэнтезидің негізін қалаушылар құрамына достық және рухани байланыстармен тығыз байланысты үш жазушы кіреді. Бұлар Клайв Степлз Льюис, Чарльз Уильямс және Джон Рональд Толкиен. Льюис әйгілі «Нарния шежіресі» циклін жаза отырып, ең алдымен балалар фэнтезиін жасаушы ретінде тарихқа енді. Уильямстың көптеген философиялық және діни мотивтермен қаныққан романдары, әдетте, адамдардың әлемнің тағдырын шеше алатын сиқырлы заттарға ие болу үшін күресіне арналған. Мейлі ол қасиетті Грааль тостағаны болсын, Сүлеймен патшаның тәжі болсын немесе қасиетті Таро карталары болсын, барлығы да сиқырлы және тылсым қасиеттерге ие дүниелер. Бірақ нағыз фэнтези Инжіліне Оксфорд университетінің Англосаксондық әдебиет профессоры Толкиеннің «Сақиналар әміршісі» романы (2022 жылы қазақ тілінде де жарық көрді) айналды десек, артық айтпаймыз. Толкиен дастаны - Кельт және Солтүстік Еуропа фольклорынан шыққан эпикалық, жарық пен қараңғылық күштерінің соқтығысуы туралы әңгіме [1].

Жалпы алғанда, фэнтези - бұл біз сияқты әлемдердің, оларда өмір сүріп, әрекет ететін сиқыры бар әлемдердің сипаттамасы, Қараңғылық пен Жарық арасындағы айқын шекарасы бар әлемдер бейнесі. Бұл әлемдер ежелде өткен оқиғалардың кейбір өзгерістері болуы мүмкін (Конан циклі, «Сақиналардың әміршісі», Муркоканың «Корум шежіресі»); алыс болашақ (Р. Джорданның «Уақыт дөңгелегі», Вейс пен Хикманның «Өлім қақпасы»); қазіргі заманға балама (Пол Андерсонның «Хаос операциясы»), сондай-ақ, параллель әлемдерден тыс («Дракобой-найза», «Қара жасақ») немесе жерге байланысты (Р.Желязнының «Амбер шежіресі») оқиғаларды сипаттауы мүмкін. Соңғы санаттағы кітаптардың көпшілігі жер бетіндегі адам туралы баяндайды. Біздің замандасымыз сиқырлы әлемге еніп, «Артур король қоластындағы янкилер» және «Джон Картердің Марстағы шытырман оқиғалары» тәрізді өмірге түсуінен келіп шыққан.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Ғылыми мақаланы жазу барысында зерттеудің негізгі әдістері ретінде әлем және қазақ әдебиетінде кеңінен танымал болған фэнтези шығармаларын талдау және синтез әдістері қолданылды. Атап айтқанда жекелеген әдеби туындыларды саралау сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Сонымен қатар, фэнтези құбылысының нақты қасиеттерін және типологиясын зерттеу кезінде біз салыстырмалы тәсілді қолдандық. Зерттеу әдістері - салыстырмалы тарихи әдістер мен мифокритика элементтері бар мәдени және тарихи тәсілдер жиынтығы. Мақаланы жазу үдерісінде алдымен әлемдік әдебиеттегі фэнтезидің алатын орны мен шығу, даму кезеңдері зерттелді. Содан соң дербес әдеби жанр ретіндегі фэнтезидің

типологиясы, яғни негізгі бағыттары мен түрлері зерделенді. Әлемдік классикалық танымал фэнтезидің қазіргі қазақ фэнтези туындыларына ықпалы қарастырылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Фэнтези шығармалары көбінесе кейіпкерлері табиғаттан тыс құбылыстар мен жаратылыстарға тап болатын, нақты Орта ғасырларға жақын ойдан шығарылған әлемде орын алатын тарихи-шытырман оқиғалы романға ұқсайды. Көбінесе қиял архетиптік сюжеттер негізінде құрылады [2].

Қазіргі фэнтезидің алғашқы туындылары ХХ ғасырдың басында пайда бола бастады. ХІХ және ХХ ғасырдың басында (және КСРО-да - 1990 жылдардың басына дейін) фэнтези шығармаларды көбінесе ғылыми-фантастикалық журналдарда жарияланды. Фэнтези бағытындағы туындылардың басым бөлігін фантаст авторлар жазғаны байқалады. Қазақ әдебиетінде әлі күнге балалар фэнтези жанрындағы туындыларды әдеби ертегі немесе балалар фантастикасымен ара жігін ажыратпай қарастырады. Оған мысал, қазақ фэнтезиінің алғашқы қарлығаш туындыларын жазған Т. Рымжановтың шығармаларының барлығы ертегі, ертегі-хикаят, ертегі-повесть деген айдармен жарық көрген.

Замануи фэнтезидің шынайы дүниеге келуіне басты себепші болған – Дж.Р.Р. Толкиен. «Сақиналар әміршісі» атты әйгілі кітап, сондай-ақ К.С. Льюистің «Нарния шежіресі» және В.Ле Гуиннің «Жер теңізі» қазіргі уақытта жүздеген жазушылар шығармашылығын арнап, жұмыс істейтін ең танымал жанрлардың бірінің негізін қалады [3].

Бұл күндері фэнтези кино, кескіндеме, компьютерлік және үстел ойындарындағы бұқаралық жанрға айналды. Фэнтези фильмдердің көпшілігі фэнтези кітаптардың көрерменнің қабылдауына бейімделуі немесе олардың негізінде түсірілген. Бейімделулерге Режиссер Питер Джексонның «Сақиналар әміршісі», Эндрю Адамсонның «Арыстан, сиқыршы және гардероб» фильмдері кіреді. Кітаптардың негізінде Джон Милиустың «Конан-варвар» және «Жойғыш Конан», Н. Лебедевтің «Сұр иттердің бөрібасары», «13-ші жауынгер», «Сиқыршы» және «Жер теңізінің сиқыршысы» сериялары түсірілген. Фэнтези анимацияда, атап айтқанда Ральф Бакшидің «От пен мұз», «Хоббит» және «Сақиналар әміршісі» картиналарында ұсынылған.

1960-1970 жылдары фэнтезидің танымалдығы рөлдік ойындардың пайда болуына басты себептердің бірі болды. Рөлдік ойындарда бір немесе бірнеше ойыншыдан тұратын партия қиял әлемін аралап, әртүрлі шытырман оқиғаларды іздейді, бастарынан өткізеді (тапсырмаларды орындау, артефактілерді іздеу). Сонымен қатар, әр ойыншының тәжірибесі артқан сайын өзгеріп отыратын әртүрлі сипаттамаларға ие болады. Олардың ішінде «Dungeons & Dragons» («Dungeons & Dragons») – ең сәтті ойын жүйелерінің бірі екені даусыз.

Рөлдік ойындар өз кезегінде фантастикалық фэнтезидің жаңа толқынын тудырды. Ойын компаниялары өздерінің фантастикалық ғаламдарына негізделген кітаптар шығарады. Ең танымал сериялардың кейбіріне «Forgotten Realms» және «Warhammer» жатады.

Фэнтезилік кескіндеменің дамуы әдебиеттің дамуына параллель және ұқсас болды. Өйткені суретшілердің көпшілігі фэнтези бағытындағы кітаптар мен ойындарға мұқабалар мен иллюстрациялар, сондай-ақ фантастикалық комикстер мен коллекциялық ойын карталарын салған. Атап айтсақ, Борис Вальехо, Джулия Белл, Луис Ройо, Фрэнк Фразеттаның стилистикасы қаһармандық фэнтезиге жақын. Фэнтези тақырыбына көбінесе фольклорлық немесе металл бағытында ойнайтын музыкалық топтар бірнеше рет жүгінді. «Blind Guardian», «Summoning», «Battlelore» сияқты топтарда бірқатар концептуалды альбомдар бар. Олардың мәтіндері фэнтези шығармаларына, көп жағдайда Дж.Р.Р. Толкиеннің кітаптарына арналған. «Rhapsody» және «Bal-Sagoth» топтары концептуалды альбомдар сериясын шығарып келеді. Олардың тақырыбы Р.Э. Ховард пен Г. Лавкрафттың кітаптарына жақын. «Эпидемия» тобы сонымен қатар «Эльф қолжазбалары» концептуалды сюжеттік альбомын жасады. Сондай-ақ, «Авантазия» сияқты фэнтезилік сюжеттері бар рок-опералар да танымал [4].

Танымал болғанына қарамастан, XX ғасырдағы әдеби процестің құбылыстары арасындағы фэнтези ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарында болды. Сонымен қатар, XX ғасыр әдебиетіндегі фэнтезидің қарқынды дамуы әлеуметтік, ғылыми, ақпараттық және т.б. салаларда болған және болып жатқан түбегейлі өзгерістермен байланысты болуы мүмкін. Фэнтези өмірдің өзгеруіне жауап береді. Сонымен қатар оның мазмұны мен бастауларына, мифтік уақытқа, гармоникалық әлемге және оның көркемдік формасына оралуға деген ұмтылысын көрсетеді. Фэнтези жанры қазіргі әдеби процестің көрнекі құбылысын сипаттайды. Сондықтан оны зерттеу әдеби және идеологиялық тұрғыдан аса маңызды екені даусыз.

Көрші Ресей Федерациясында фэнтезиді зерттеуге арналған келесі академиялық еңбектерді атап көрсетуге болады: Е. Дрозд «Фэнтези: ұйықтап жатқан құдайлардың оянуы», В.К. Олейник «XX ғасыр әдебиетіндегі фэнтези жанры», Н. Ютанов «Дүниелер әлеміндегі фэнтезидің пайдасы туралы» [5], В. Гончаров «Орыс фэнтезиі - жолын таңдау», Е. Ковтун «Фэнтезидің шынайы шындығы», Т. Степновская «Фэнтези – көйлегін ауыстырып киінген Золушка», Э. Раткевич «Тұтқасыз қылыш», С. Логинов «Орыс фэнтезиі - жаңа Золушка», Л. Зымалева «Сарғайған фэнтези өзені», Е. Харитонов «Славен батырлары туралы әңгімелер (орыс фэнтезиінің бастауында)» және т. б.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында жазылған шығармаларға белгілі зерттеуші Әбіл Серік Әбілқайыр: «Тауфих Шеғиров-Сәукетаев, Тимур Ермашев, Адам Қапанов және Ильмаз Нұрғалиевтар болмыс пен бейболмыс арасындағы межені бұзып, суреттейтін әлемнің шынайылығына өз оқырманын сендіре біледі Осылайша жасөспірімдер қаламгер фэнтезиінің әлемді түйсіндіру, бейнелеудің, ой елегінен өткізудің өзіндік бір жолы екендігін ұғынады. Аталған жазушылардың бізге ұсынған ертегілік әлемі ертегілік емес әлемге айналып бүгінгі күнгі қазақ қоғамының басты проблемалары астарланып, өткен күндердің оқиғаларымен астасады. Осылайша авторлар біздің барша өзекті мәселелерімізді мифпен өрпете түсіндіріп, өзіндік образ сомдаулары арқылы түрлі қырынан ұсынады. Бұл фэнтезидің тасасында мені танып ал деп қылтиған біздің бүгінгі өміріміздің көлеңкелі жағы жасырынып та жатады. Оның автор тарапынан тереңге жасырынғаны сондай, кез келген оқырман аңғара білмейді. Және батыстық фэнтезиден қазақ фэнтезиінің бір айырмашылығы – фольклорға тән сөз саптау мәнерінен қол үзбейді», - деп баға береді [6].

Қазіргі кездегі отандық фэнтезидің жай-күйін әдебиеттанушы Әбу-Асқар Мекешұлы былайша сипаттайды: «Қазақта «таз таранып болғанша, той тарқап болады» деген нақыл бар ғой. Осы сөз тура біздің қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрына қатысты айтылғанға ұқсай береді маған. Неге десеңіз, қазір әлемде фэнтезиге деген қызығушылық күрт бәсеңдеген. Жаңа жоғарыда атаған толып жатқан фэнтези түрлері соның салдарынан туындап отыр. Авторлар оқырманның назарын аудару үшін неше түрлі экспериментке баруда. Әу баста түп-тұнық мөлдіреген фэнтезиге ғылымды да, мистиканы да, қала өмірін де, қазіргі заманды да, философияны да, тарихты да, бәрін-бірін қосып, қойыртпақтап жатыр. Қазіргі шығып жатқан фэнтезилерді таза фэнтези деп айтудың өзі қиын. Олар бірнеше жанрлардың қосындысы болып кеткен. Міне әдебиет алаңында болып жатқан осындай ала-шапқын қым-қуыт жаңалықтар қазақ әдебиетін ары айналып, әлі бір соқпай жүргені таң қалдырады [7].

Мақаланы жазу, зерттеу жүргізу барысында қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының қазіргі жағдайы қандай екен деген сұраққа жауап іздеп көрдік. Қазақстандық әдебиеттанушылар қазіргі отандық фэнтези жанрына назар аударып, өз ой-пікірлерін айтып, жазып, жариялай бастады. Зерттеуші Әбіл-Серік Әлиакбар балалар жазушысы Тауып Рымжановтың «Гүл ағашы», «Ерден батыр», «Күн перзенттері» атты ертегі-хикаяттарын фэнтези жанрына жатқызу керек деген пікірде. Әдебиеттанушы-ғалым Еркінгүл Солтанаева Зира Наурызбаева мен Лиля Калаустың «Алтын тостағанды іздестіру: Бату және оның достарының басынан кешкендері», А.Түлембаеваның «Дамока және оның достары» қатарындағы шығармаларын фэнтези жанрының туындылары ретінде қарастыруды ұсынады. Отандық фэнтези қазақ тілінде ғана емес, орыс тілінде де жарық көргені белгілі.

Осы салада жүргізілген жұмыстарға қарамастан, көптеген мәселелерді әлі шешілген деп санауға болмайды. Осы уақытқа дейін әдебиеттануда әдеби жанр ретінде фэнтезиге бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Аталған мәселе мақаламыздың зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды. Осы тұрғыдан келгенде мақаламызда және одан да терең зерттеу үдерісінде фэнтезиді әдеби жанр ретінде сипаттауға, қазіргі әдебиеттануда жинақталған материалды жалпылауға және жүйелеуге тырысамыз.

Қазіргі уақытта фэнтезидің жоғары деңгейіне қарамастан, бұл әлі де динамикалы түрде дамып келе жатқан жанр. Сондықтан оның ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан түсіну, кем дегенде, белгілі бір дәрежеде толық деп санауға болмайды. Сонымен қатар, фэнтезидің ерекшеліктеріне қатысты туындайтын сұрақтар оларға берілетін елеулі кәсіби жауаптардан әлдеқайда көп.

ТАЛҚЫЛАУ

Бүгінгі таңда әдебиеттанушылар мен фэнтези жанрын зерттеуші ғалымдардың арасындағы ең танымал тұжырымдамаларға сәйкес фэнтезидің келесі түрлері жіктеледі:

- 1) қаһармандық немесе «қылыш пен сиқыр» фэнтези;
- 2) эпикалық немесе жоғары фэнтези;
- 3) ойын фэнтезиі;
- 4) қорқыныш немесе қараңғы фэнтези;
- 5) тарихи фэнтези;
- 6) әзіл-оспақ және пародиялар фэнтезиі;
- 7) сиқырсыз фэнтези;
- 8) мифологиялық фэнтези;
- 9) технофэнтези;
- 10) романтикалық фэнтези;
- 11) балалар фэнтезиі;
- 12) «түсініксіз» фэнтези.

Шын мәнінде, фэнтези жанрының үш негізгі бағытын немесе бір-бірімен жиі араласатын түрлерін ерекше бөліп көрсетуге болады: қаһармандық, эпикалық және ойын фэнтезилері. Аталған фэнтези түрлерін толығырақ қарастырайық.

Қаһармандық фэнтези. «Қылыш пен сиқыр» стилі басқаларына қарағанда ең көне және біршама тамыры «терең» болып саналады. Оның бастапқы қайнар көздері ретінде грек мифтерін атауға болады. Қаһармандық фэнтезидің ғажайып шеберлері – жазушылар Роберт Ховард пен Майкл Муркока.

Ховард ең алдымен, қаһармандық фэнтезидің ең үлкен және әйгілі дастаны Конан Киммериялық туралы циклдің авторы екені белгілі. Бұл бағыттағы кейіпкерлердің барлығы дерлік Конанға өте ұқсас: биіктігі екі метрлік варвар, бұлшық еттері бедерлі, алыптар. Нәсілдік негізде әрдайым дерлік арий немесе кельт (шаш пен көздің ең танымал екі комбинациясы – кара/сұр және сабан/көк) тектес болып келеді.

Қаһармандық фэнтезидің кейіпкері жалғыз саяхаттайды немесе кейбір экзотикалық серіктерді таңдайды. Алдынан шыққан проблемалар мен қиындықтарды дүлей күшпен шешуді жөн көреді. Басты қаһарман бәрімен күреседі. Оның жауларына жындар, алып жыландар, айдаһарлар, қарапайым адамдар, тролльдер, орктар және басқа да құбыжықтар мен жаратылыс иелері жатады. Басты қаһарман әлемдік проблемаларды шешпейді, бірақ мезгіл-мезгіл жер астындағы жын-перілердің шақырылуына тосқауыл қояды немесе ашуланған Құдайды тыныштандырады. Осылайша, батырдың міндеттерінің ауқымы өте кең: әлемді шарлау, барлық зұлым рухтарды жою, ұсақ қараңғы билеушілерге қарсы тұру, сұлуларды құтқару, құнды артефактілерді өндіру. Қаһарманның бұл түрі өте тұрақты және фэнтезидің барлық салаларында бар. Қаһармандық фэнтези-ғажайып кітаптардың барлығында дерлік осы типтегі кейіпкер бар. Ол Геркулестен емес, Тарзаннан шыққан, өйткені қаһармандық фэнтези ХХ ғасырдың басындағы шытырман оқиғалы әдебиеттен тікелей туындаған және сол

Тарзанды бейнелейді. Басты қаһарман тек қылышпен, белгісіз әлемде және/немесе уақытта және оның айналасындағы сиқырмен әрекет етеді.

Қазақ әдебиетіндегі қаһармандық фэнтези туындылары ретінде Т. Рымжановтың «Зәйтүнқарлығаштың ерлігі» (1984), «Өлместің жұлдызы» ертегі–повесін (1994), «Алтын ара» ертегі–повесіне енген «Ерден батыр» ертегісін (1995) [8], «Гүл Ағашы» ертегі-хикаятын (1999) [9], «Күн перзенттері» ертегі–хикаяттарын (2010) жатқызуға болады. Дегенмен, Т. Рымжановтың аталған шығармаларын ертегілік фэнтезиге де жатқызуға әбден болады.

Майкл Муркоканың қаһармандық фэнтези Ховардтың және басқалардың кітаптарынан мүлдем өзгеше. Эпикалық фэнтезиге жақындаған Муркока өзінің кітаптарына әлемдердің көптігі, инкарнациялардың шексіздігі және тағдырдың қайталануы туралы түсінік береді. Муркоканың барлық кейіпкерлері – Корум, Хокмун, Эрикесе, Элрик – бір Мәңгілік кейіпкердің әртүрлі инкарнациялары. Муркоканың кейіпкерлерінің әрқайсысы - сүйіктісі мен адал досы бар ханзада. Ол – ерекше жаратылыс иесі. Оған арналған қылышпен (әдетте қара қылышпен) күреседі және оны барлық басқа адамдардан күрт ерекшелендіретін және оған тағдырдың көлеңкесін беретін физикалық қасиетке ие. Мұндай қасиеттерді біз Т. Рымжановтың шығармаларындағы Зәйтүнқарлығаш, Ерден батыр бойларынан байқаймыз [10].

Сонымен, қаһармандық фэнтези жеке кейіпкерлердің, физикалық дүлей күшті және тәжірибелі жауынгерлердің күш пен ептіліктің көмегімен өз міндеттерін шешетін шытырман оқиғаларын сипаттайды. Бұл кейіпкерлер әдетте жақсылық пен тектіліктің тасымалдаушылары ретінде бейнеленбейді. Олардың арасында қарақшылар, ұрылар, жалдамалылар және жай қаңғыбастар болуы мүмкін. Эпикалық кіші жанрдан айырмашылығы, кейіпкердің проблемалары әдетте жергілікті деңгейде анықталады. Онымен қоса бұл мәселелер кейіпкер мен оның достарына немесе жеке аймаққа қатысты. Сондықтан қаһармандық фэнтезиде әңгіме мен қысқа әңгіменің бір түрі жиі кездеседі.

Қаһармандық фэнтези жанрында жазған авторлардың ішінде Роберт Ховард пен Майкл Муркока ең көрнектілері болып табылады. Ховард - бұл жанрдың негізін қалаушы, ал Муркока оның түпнұсқа нұсқасын ұсынады. Ховардтың Киммериялық Конан сериясының жетістігі көптеген еліктеулерді (Фриц Лейбер, Ларри Нивен) және тікелей жалғастарды (Леон Спраг де Камп, Лин Картер, Стив Перри, Пол Андерсон) тудырды. Муркоканың Мәңгілік жауынгер туралы шығармаларында фэнтези жанры ерекше дамыды.

Эпикалық (жоғары) фэнтезидің туындылары ауқымды рухта сақталған. Олар әдетте кейіпкерлердің зұлымдық жағында тұрған және табиғаттан тыс күштерге ие болған жаумен ұзақ күресін сипаттайды [11]. Мұндай шығармалардағы оқиғалар ауқымды соғыстар болып жатқан бүкіл фэнтези әлеміне әсер етеді. Ал қаһармандардың міндеті - бүкіл әлемді немесе оның едәуір бөлігін құтқару болып табылады. Кіші жанрға шайқастар мен жорықтарды сипаттайтын көп томдық эпостар тән. Сюжеттің негізгі бағыты әдетте басты кейіпкер мен оның достарының ізденісі (миссиясы) болып табылады. Мұндай шығарма көптеген томдарға созылуы мүмкін. Кейіпкерлер қақтығыста зұлымдықпен күресетін шартты жақсылықтың белгілі бір жағын алатындықтан, кейіпкерлер көбінесе оң және теріс болып бөлінеді. Алайда, мұндай бөлу міндетті емес.

Эпикалық фэнтези фантастикалық нәсілдердің (эльфтер, гномдар, орктар), сиқыр ұғымдарының, әрекет ету орындарының егжей-тегжейлі карталарының, қауіп төндіретін пайғамбарлықтардың және ойлап тапқан тілдердің болуымен сипатталады. Әдетте, бұл жанрдағы романдар үлкен көлемдерімен ерекшеленеді және бірнеше том болып шығады.

Эпикалық және шытырман оқиғалы фэнтезидің негізін қалаушы атасы, ағылшын жазушысы және ғалымы Джон Рональд Руэль Толкиен болып саналады. Оның «Сақиналар әміршісі» және «Сильмариллион» эпопеясы фэнтези кітабы емес, шығармашылық мифологиядағы еңбек. Толкиен тек Киелі кітапқа, грек, герман және кельт мифтеріне жүгінбейді. Ол бұрыннан бар кез-келген нәрсеге сәйкес келетін өзінің авторлық мифтік жүйесін жасайды. Толкиен тарихты соншалықты көп жазған жоқ, өйткені ол жаңа тілдерді «ойлап тапты». Содан кейін олардың негізінде және оның әлемін мекендейтін халықтардың

бүкіл мифологиясын қайта жаңғыртты. Толкиен қазіргі кезде өте танымал эльфтерді - талғампаз өлмейтін тіршілік иелерін, гномдарды (металл мен тастан жасалған бұйымдарға маманданған төмен өсетін күшті тау тұрғындары) және энттерді (ұзақ өмір сүретін ағаш тәрізді гуманоидтар) ойлап тапты. «Сақиналар әміршісінің» сәттілігінен кейін еліктегіштер толқыны бүкіл Америкаға тарады және әлі де басылған жоқ. Толкиеннің кейіпкерлері мен сюжеттері эпикалық және ойын фэнтезиіндегі кітаптардың көпшілігінде көрініс тапты деуге болады. Толкиен қолданған көптеген сюжеттік қозғалыстар мен әлем элементтері архетиптік сипатқа ие болып, белсенді еліктеуге негіз салды (Терри Брукс, Деннис МакКирнан, Гельмут Пеш, Кристофер Паолини). Эпикалық фэнтези жанры Урсула Ле Гуин мен Роджер Желязнының «Жер теңізі» циклындағы дамуының арқасында фэнтезидің барлық түрлері арасында ең танымал болды. Қазіргі уақытта эпикалық фэнтезидің ең ірі өкілдері Роберт Джордан мен Тэд Уильямс болып саналады.

Роберт Джорданның «Уақыт дөңгелегі» романы өзінің көлемі мен кейіпкерлерінің саны бойынша Л.Н. Толстойдың «Соғыс пен бейбітшіліктен» асып түседі. Кітапта 1700-ден астам кейіпкер бар, оннан астам ұлт бар. Олардың әрқайсысының өзіндік дәстүрлері мен ерекшеліктері бар. Сонымен қатар Толкиен гномдары мен энттерінің қоспасы болып табылатын ерекше огир нәсілі тағы бар.

Кейінгі кезеңде эпикалық фэнтези жанры жақсылық пен жамандықтың күресінен айтарлықтай алшақтап, тарихи романға жақын, қатал және натуралистік әртүрлілікті туындатты. Оған кейбір жағдайларда «постмодерндік фэнтези» (Джордж Мартин, Анджей Сапковский) жеке қосалқы жанрына айналды.

Қазіргі таңда қалыптасып, шапшаң қарқынмен жазылып, танылып, таралып келе жатқан қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрында серпінді қалам тербеп жүрген жазушы Р.Сауытбайдың «Шоко әлем» фэнтезилер сериясы және т.б. бірқатар шығармаларды эпикалық және қаһармандық фэнтези тоғысындағы туындыларға жатқызуға әбден болады [12,13,14]. Жалпы, қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрына алғаш түрен салған Т.Рымжановтан бастап, Р. Сауытбай, Т. Сәукетаев, Б. Ыбырайым, Р. Сауытбай, И. Нұрғалиев, Т. Ермашев, З. Наурызбай мен Л. Калаус және басқа фэнтези жанрында қалам тербеп жүрген жазушылардың шығармаларының фэнтези жанрындағы жіктелімін жасауға диссертациялық зерттеу жұмысымызда күш салдық.

Ойын фэнтезиін рөлдік ойындар шабыттандырады және ол жұмыс үстелі мен компьютерлік ойын редакторлары жасаған ғаламда орын алады, тіпті кейде олардың сюжетін жаңартады. Ойын фэнтезиі бірнеше адамнан/жаратылыстардан тұратын, мүмкіндігінше бір-бірінен ерекшеленетін жасақ нақты жетістікке жете алады деп мәлімдейді [15]. Керемет қызметшілер туралы ертегімен тығыз байланыста бола отырып, бұл сонымен бірге өте американдық тақырып. Ойын фэнтезиі бір-бірін толықтыра отырып, бірге жұмыс істеу арқылы мүлдем өзгеше кейіпкерлер өзара түсіністік пен достыққа жете алады деп есептейді.

«Ойын фэнтезиінің» атауы «D&D» деп аталатын рөлдік ойын жүйесінен шыққан. Толық атауы – «Dungeons and Dragons» немесе қазақ тілінде – «Жерасты және айдаһарлар». Бұл жүйе ойын фэнтезиімен тығыз байланысты. Осы бағыттағы көптеген кітаптар ойындар ретінде басталды – «Дракобой-найза» және оның көптеген тармақтары, «Ұмытылған елдер», «Қара күн», «Қарғалар мекендеген көгершін ұясы» сериялары. Шын мәнінде, кез-келген ойын фэнтези кітабы «D&D» сессиясының көркемдік өңдеуі болып табылады. Бұл кітаптардың барлығы дерлік сиқырдың, нәсілдердің және құбыжықтардың бірдей ережелерін («D&D»-ден алынған) пайдаланады. Бұл фэнтези жанрында басқаларға қарағанда көбірек еліктеу мен жалғандық бар.

Ойын фэнтезиі туындыларында басқа кіші жанрлардың кез-келген белгілері болуы мүмкін, бірақ бұл кіші жанрдың басты ерекшелігі - рөлдік ойындар партиясы ретінде стильдендірілген кейіпкерлер тобының квестіне назар аудару. Ойын фэнтезиі жанрында кітаптар жазу үшін тарихқа терең үңілудің қажеті жоқ. Мысалы, туындының әлқиссасын «бір кездері құдіретті сиқыршы осында өмір сүрген» деп бастау жеткілікті. Мұндай туындыларда параметр үшін жазылған заңдар мен ережелер бар. Мысалы, сиқыршылардың дұғалауды қолдануына байланысты заңдар мен ережелерді ата. Осы тектегі ең көрнекті жұмыстардың

қатарына Трейси Хикман мен Маргарет Уэйстің «Айдаһар» циклі, сондай-ақ көп авторлық «D&D» романдары – «Forgotten Realms» әлемі, атап айтқанда Роберт Сальваторе кіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Фэнтези – бұл ХХ ғасырда адамның экономикадан, заңдардан және күнделікті өмірдің басқа жақтарынан жеке басының бостандығы туралы арман ретінде қалыптасқан, ертегінің зейінділігі мен адамгершілігін, мифтің эпикалық жағы және трагедиясын, рыцарьлық романның тектілігін сіңірген әдеби жанр. Бұл жанрда қалам тербейтін авторлар шындыққа параллель немесе мүлдем қатысы жоқ әлемдер жасайды. Бұл әлемдер адамның табиғатпен үйлесімділігімен, саналы тіршілік иелерінің алуан түрлілігімен сипатталады. Оларда сиқыр бар. Фэнтези философиялық және гуманистік идеяларды қол жетімді түрде ашады.

Фэнтезиге нақты анықтама беру өте қиын. Қазір бұл жанрдың шығармалары өте танымал. Бірақ, екінші жағынан, фэнтези әдеби құбылыс ретінде ХХ ғасырдың ортасында қалыптасты. Фэнтезидің қайнар көзі әрине, классикалық ертегілер - квесттер болды: «Мың бір түн» ертегілерінен бастап қазақ ауыз әдебиетінің ертегілеріне дейін – «қайда бар, мен білмеймін» немесе «Мақта қыз бен мысық туралы ертегілер». Олар өз кезегінде құрылымдық жағынан ежелгі кейіпкерлердің істеріне оралады. Фэнтези роман әрқашан сиқырлы саяхат туралы әңгімеге негізделген: кейіпкер таныс шындықтың көкжиегінен тыс саяхаттар жасайды. Бұл сапарында кейіпкер белгісіз бастамадан өтіп, жаңа білім алуға мүмкіндік алады. Егер кейіпкер өз шындығына оралып, өз әлеміне білім әкеле алса, онда бұл әлем кейде түбегейлі өзгереді, ал шындық қайта құрылады. Фэнтезилік кейіпкер бостандық пен тәуелсіздікке ұмтылады, ол тек өзінің шешімдеріне, жүйрік ат пен сенімді қылышқа тәуелді болғысы келеді және бұл қасиет фэнтезиді рыцарьлық романдар әлемімен байланыстырады. Бұл жанрлардағы адамның басты қасиеттері – абырой мен батылдық. Фэнтези әділеттілік рыцарьлар романындағыдай жоғары бағаланғанымен, әрдайым жеңіске жете бермейді.

Әдеби жанрлардың ішінде ғылыми фантастика мен мистика фэнтезиге ең жақындары болып саналады. Ғылыми фантастиканы фэнтезиден ажырату қиын. Ғылыми фантастика прогреске көп көңіл бөледі және онда сипатталғанның бәрі болашақта адамзатқа мүмкін болып көрінеді. Фантаст жазушылардың классикалық мысалы - Рей Бредберри немесе Айзек Азимов. Фэнтези бастапқыда шынайы емес әлемді сипаттайтынын және біздің нақты әлемде бұл мүмкін емес екенін айтады. Фэнтезиде табиғаттан тыс көріністер және біз нақты әлем деп атайтын нәрселер тең дәрежеде болады. Сиқыр, ғажайып күштер және басқа да фантастикалық атрибуттар тек қосымша болып табылады. Бірақ кейде материалдық компоненті де құнды болып табылатын әлемдердің ең маңызды факторы болып келеді. Мистикалық шығармаларда әлемнің нақты құрамдас бөлігі табиғаттан тыс ойыншықтан басқа ештеңе емес. Сондықтан мистикалық әңгімелер мен романдардың абсолютті көпшілігі «қорқынышты әдебиетке» жатады.

Фэнтези Еуропалық дәстүрлердің орасан зор қабатын сіңірді және бүгінгі таңда біз зерттеп отырған жанр өзінің дәстүрімен күшті. Себебі, тек дәстүрге сүйене отырып, фэнтези өзінің сүйкімділігін сақтайды.

Қазіргі уақытта фэнтези тек әдебиетте ғана емес, музыкада, кескіндемеде, сәулет өнерінде, кинематографияда, сондай-ақ компьютерлік рөлдік ойындар саласында да дамуда.

Қорыта айтқанда, біздің пайымымызша, фэнтези жанры қазақ әдебиетінің ерекше түрі мәртебесін талап ете алады деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Monin, Maxim A. The Problem of the Meaning of Death in Tolkien's The Lord of the Rings Part 1. History and Circumstances of the The Lord of the Rings Publication. ISSN 00428744. DOI 10.21146/0042-8744-2023-1-63-71. Voprosy Filosofii. 2023.

- 2 Аливердиев, А.А. Орыс фэнтези мәселесі бойынша, Бабе-Яге, / Махачкала хабаршысы. – 2006. - № 8. – 22-31 б.
- 3 Баркова, А.Л., Мартынова, А. Орыс әдебиеті туралы шығармалар «Батыс жұлдызы»// [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://mith.ru/>. – Кіру мерзімі 14.04.23;
- 4 «Фэнзин» – фантастика мен фэнтези сайты // [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://www.fenzin.org/>. – Кіру мерзімі 14.04.23;
- 5 Ютанов, Н. Әлемдер әлеміндегі қиялдың пайдасы туралы / [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://www.soob.ru/>. – Кіру мерзімі 25.03.23
- 6 Әбіл-Серік Әліәкбар. Бір ділді Алаш фэнтезиі ешқашан тілге бөлініп алаланбайды. [Электронды ресурс] 2019./<https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/58282/amp/> (қаралу мерзімі: 14.01.2023);
- 7 Әбу-Асқар Мекешұлы: Қазақ әдебиетінде фэнтези бар ма? [Электронды ресурс] 2017./<https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/1839>;
- 8 Рымжанов Т. Алтын ара: ертегі-повесть. Орта мектеп оқушыларына арналған. «Балауса», – Алматы: 1995, 272 б.
- 9 Рымжанов Т. Өлместің жұлдызы: ертегі-повесть. – Алматы: «Өнер», 1994, 206 б.
- 10 С.Тайманова, А.Ө. Байдаулетова, А.Т. Сақтағанова. Балалар әдебиетінің жаңашыл жазушысы – Тауық Рымжанов // Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Хабаршысы. 2022, №1. – 314-325 б.
- 11 Martín Rodríguez, Mariano. Signa. A preliminary approach to a history: towards a specific characterization of high fantasy [preliminares de una historia: hacia una caracterización específica de la fantasía épica]. issn 11333634. DOI 10.5944/signa.vol 31.2022.29509. Univ Nacional de Educacion a Distancia (UNED);
- 12 Сауытбай Р.С. Шоко әлем (фэнтези). – Алматы, 2019. – 272 б.
- 13 Сауытбай Р.С. Шоко әлем. Тылсым Эллипсаһар. – Алматы, 2020. – 352 б.
- 14 Сауытбай Р.С. Шоко әлем. Ғажайып тас. / – Алматы, 2022. – 400 б.
- 15 Gonitva / / Nika Rakitina. Сын-пікірлер [Электронды ресурс]. – 2021. – Кіру режимі: <<http://books.snezhny.com/review/?kn=gonitva>>. Кіру мерзімі:25.05.2023.

Материал 09.06.2024 баспаға түсті

Проблемы типологии фэнтези

А. А. Демесинова¹, Екрем Аян², Г.К.Кажобаева

¹Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

²Университет Мугла Ситки Кочман, Мугла, Турция

Культура XX-XXI веков характеризуется поиском и развитием новых жанров, направленных на бегство от реальности, обращением к мифическим начальным этапам из-за некоторых кризисов, вызванных мировыми войнами. В середине XX века в Европейскую прозу вошел особый жанр, который позже стал называться жанром фэнтези. Новый жанр имел мгновенный успех среди читателей, особенно среди молодежи, и это было ключом к его процветанию и широкому размаху крыльев.

Основными источниками фэнтези являются французская сказка про «фею», Скандинавский и кельтский фольклор. Среди предков фэнтези были Хорас Уолпол, Уильям Моррис, Дж.Б. Кэйбелл, Э. Блэквуд. Особо следует отметить Эдварда Дансени, британского аристократа, создавшего цикл волшебного мира со своей тщательно продуманной мифологией, основанной на ирландском эпосе, автора сборника «Боги Пеганы», самой важной фигуры раннего периода фэнтезийной жизни.

По сути, фэнтезийная литература берет свое начало в Древнегреческих мифах и Средневековых эпосах ("Беовульф"). Средневековые романы оказали сильное влияние на жанр фэнтези. По словам Анджея Сапковского, благодаря своей магии, мечам и романтике «Легенда о короле Артур» лежит в основе многих фэнтезийных произведений. В основе

казахского фэнтези лежат сказки и народные легенды казахского фольклора и мифологии, устная литература, которые легли в основу произведений Т. Рымжанова, Т. Саукетаева, Б. Ибраима, Р. Сауытбая, И. Нурғалиева, Т. Ермашева, З. Наурызбая и Л. Калауса. В этой статье мы стремимся проанализировать и определить типологию фэнтези.

Ключевые слова: фэнтези, мифология, былины, казахский фольклор, жанровые особенности, типология фэнтези, мир фэнтези.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Monin, Maxim A. The Problem of the Meaning of Death in Tolkien's The Lord of the Rings Part 1. History and Circumstances of the The Lord of the Rings Publication. ISSN 00428744. DOI 10.21146/0042-8744-2023-1-63-71. Voprosy Filosofii. 2023.
- 2 Аливердиев, А.А. К вопросу о русском фэнтези, Бабе-Яге, etc / А.А. Аливердиев // Махачкалинские известия. - 2006. - № 8. - С. 22-31.
- 3 Баркова, А.Л. Работы по русской литературе «Звезда Запада» Андрея Мартьянова / А.Л. Баркова // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://mith.ru/>. - Дата доступа 14.04.23.
- 4 «Фэнзин» - сайт о фантастике и фэнтези // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.fenzin.org/>. - Дата доступа 14.04.23.
- 5 Ютанов, Н. О пользе фэнтези в мире миров / Н. Ютанов // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.soob.ru/>. - Дата доступа 25.03.23.
- 6 Әбіл-Серік Әліәкбар. Фэнтэзи Алаш с единым менталитетом никогда не будет разделён по языковым различиям. [Электронный ресурс] 2019./<https://massaget.kz/layfstayl/debiet/syn/58282/amp/> (дата обращения: 14.01.2023);
- 7 Әбу-Асқар Мекешұлы: Есть фэнтэзи в казахской литературе? [Электронный ресурс] 2017./<https://adebiportal.kz/kz/amp/news/view/1839;>
- 8 Рымжанов Т. Золотой шмель: сказка-повесть. – Алматы: Для учащихся средних школ. «Балауса», 1995, С.272;
- 9 Рымжанов Т. Звезда Ольмеса: сказка-повесть. – Алматы: «Өнер», 1994, С.206;
- 10 С.Тайманова, А.Ө. Байдаулетова, А.Т. Сактағанова. Писатель-новатор детской литературы – Тауыпк Рымжанов // Вестник Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана. 2022, №1. – С. 314-325;
- 11 Martín Rodríguez, Mariano. Signa. A preliminary approach to a history: towards a specific characterization of high fantasy [preliminares de una historia: hacia una caracterización específica de la fantasía épica]. issn 11333634. DOI 10.5944/signa.vol 31.2022.29509. Univ Nacional de Educacion a Distancia (UNED);
- 12 Сауытбай Р.С. Мир Шоко (фэнтези). – Алматы, 2019. – С.272;
- 13 Сауытбай Р.С. Мир Шоко. Загадочный Эллипсаһар. – Алматы, 2020. – С.352;
- 14 Сауытбай Р.С. Мир Шоко. Волшебный камень. – Алматы, 2022. – С.400;
- 15 Гонитва//Ника Ракитина. Рецензии [Электронный ресурс]. – 2021. – Режим доступа: <<http://books.snezhny.com/review/?kn=gonitva>>. – Дата доступа:25.05.2023.

Материал поступил в редакцию журнала 09.06.2024

Problems of fantasy typology

A.A.Demessinova¹, Ekrem Ayan², G.K. Kazhibaeva¹

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²Mugla Sitki Kocman University, Mugla, 48000, Turkey

The culture of the XX-XXI centuries is characterized by the search and development of new genres aimed at escaping from reality, turning to the mythical initial stages due to some crises caused by the world wars. In the middle of the twentieth century, a special genre entered European prose,

which later became known as the fantasy genre. The new genre was an instant success among readers, especially among young people, and this was the key to its prosperity and wide wingspan.

The main sources of fantasy are the French fairy tale about the "fairy", Scandinavian and Celtic folklore. Among the ancestors of fantasy were Horace Walpole, William Morris, J.B. Cabell, E. Blackwood. Of particular note is Edward Dunsany, a British aristocrat who created a cycle of the magical world with his carefully thought-out mythology based on the Irish epic, the author of the collection "The Gods of Pegana", the most important figure of the early period of fantasy life.

In fact, fantasy literature originates in Ancient Greek myths and Medieval epics ("Beowulf"). Medieval novels had a strong influence on the fantasy genre. According to Andrzej Sapkowski, thanks to his magic, swords and romance, The Legend of King Arthur is the basis of many fantasy works. Kazakh fantasy is based on fairy tales and folk legends of Kazakh folklore and mythology, oral literature, which formed the basis of the works of T. Rymzhanov, T. Sauketaev, B. Ibraim, R. Sauytbai, I. Nurgaliyev, T. Ermashev, Z. Nauryzbai and L. Kalas. In this article we aim to analyze and define the typology of fantasy.

Key words: Fantasy, mythology, epics, Kazakh folklore, genre features, fantasy typology, fantasy world.

REFERENCES

- 1 Monin, Maxim A. The Problem of the Meaning of Death in Tolkien's The Lord of the Rings Part 1. History and Circumstances of the The Lord of the Rings Publication. ISSN 00428744. DOI 10.21146/0042-8744-2023-1-63-71. Voprosy Filosofii. 2023. [in English].
- 2 Aliverdiev, A. A. K. K voprosy o rýsskom fentezi [On the question of Russian fantasy, Babe-Yage, etc] // Makhachkalinsky Izvestia (2006). [in Russian].
- 3 Barkova, A. L. Raboty po rýsskoi literatýre «Zvezda Zapada» [Work on Russian literature "star of the Reserve"] [in Russian].
- 4 «Fenzin» - fantastika men fentezi ["Fantasy" – a site about fantasy and fantasy] // [electronic resource] <http://www.fenzin.org> [in Russian].
- 5 Yutanov, N. O polze fentezi v mire mirov [About the benefits of fantasy in the world of worlds] <http://www.soob.ru> [in Russian].
- 6 Abel-Serik Aliakbar. Bir dildi Alash fentezii eshqashan tilge bólinip alalanbaıdy [Monolingual Alash fantasy is never divided into languages] /<https://massaget.kz> [in Kazakh].
- 7 Abu-Askar Mekeshovich: Qazaq ádebietinde fentezi bar ma? [Is there a fantasy in Kazakh literature?] /<https://adebiportal.kz> [in Kazakh].
- 8 Rymzhanov T. Altyn ara: ertegi-povest. Orta mektep oqýshylaryna arnalǵan [The Golden Bee: a fairy tale-a story: for high school students.] ("Balausa", 1995) [in Kazakh].
- 9 Rymzhanov T. Ólmestiń juldyzy: ertegi-povest [The Star of immortality: a fairy tale-a story] (Almaty, 1994) [in Kazakh].
- 10 S. Taimanova, A. U. Baidauletova, A. T. Saktaganova. Balalar ádebietiniń jańashyl jazýshysy – Taýpyq Rymjanov [Innovative writer of children's literature – Taupyk Rymzhanov] /Bulletin of the Abylaikhan Kazakh University of international relations and world languages. 2022. [in Kazakh].
- 11 Martín Rodríguez, Mariano. Signa. A preliminary approach to a history: towards a specific characterization of high fantasy [preliminares de una historia: hacia una caracterización específica de la fantasía épica]. issn 11333634. DOI 10.5944/signa.vol 31.2022.29509. Univ Nacional de Educacion a Distancia (UNED);
12. Sauytbay R. S. Shoko álem [Shoko World (Fantasy)] (Almaty, 2019) [in Kazakh].
- 13 Sauytbay R. S. Shoko álem [Shoko world. Mysterious Ellipsoid] (Almaty, 2020) [in Kazakh].
- 14 Sauytbay R. S. Shoko álem [Shoko world. Miracle stone]. (Almaty, 2022) [in Kazakh].
- 15 Gonitva// Nika Rakitina. Syn-pikirler/ Review. <<http://books.snezhny.com/review/?kn> [in Kazakh].